

Степногорск қаласы бойынша 2012 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № А-4 /177 қаулысы. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 10 мамырда № 1-2-164 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 03-45ш/2838 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 05.11.2014 № 03-45ш/2838 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасына сәйкес, «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 341 қорытындысы негізінде Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Степногорск қаласы бойынша 2012 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары **О.В.Робертке** жүктелсін.

3. Қала әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі **А.Никишов**
Степногорск қаласы әкімдігінің
2012 жылғы 2 мамырдағы
№ А - 4 / 1 7 7 қаулысына
қосымша

**Степногорск қаласы бойынша 2012 жылға арналған
субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің
ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы
басым дақылдарының әрбір түрі бойынша
егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері**

№ р/р	Субсидияланатын ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері	басым б а с ы м дақылдарының оңтайлы мерзімдері	Ауыл шаруашылығы себу	Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдер тапсыру мерзімі
1	Орташа кеш жаздық бидай	15 мамырдан 27 мамырға дейін	28 мамырға дейін	мамырға дейін
2	Орташа піскен жаздық бидай	17 мамырдан 29 мамырға дейін	30 мамырға дейін	мамырға дейін
3	Орташа ертерек жаздық бидай	20 мамырдан 31 мамырға дейін	1 мамырға дейін	маусымға дейін
4	Жаздық арпа	27 мамырдан 3 маусымға дейін	4 маусымға дейін	маусымға дейін
5	Сұлы	27 мамырдан 3 маусымға дейін	4 маусымға дейін	маусымға дейін
6	Картоп	12 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін	мамырға дейін
7	Ашық топырақтағы көкөністер	1 маусымнан 15 маусымға дейін	16 маусымға дейін	маусымға дейін
8	Біржылдық шөптер	20 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін	мамырға дейін